

БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

Магистратураға түсушілерге арналған ақпарат

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.08.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/79056/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Магистратураға түсушілерге арналған ақпарат Магистратураға оқуға түсу үшін құжаттарды қабылдау 19 шілдеде аяқталды. Биыл 38 мыңнан астам адам кешенді тестілеу тапсыруға ниет білдірді. 2019 жылы магистратураға түсуге тілек білдірушілер саны...

Магистратураға түсушілерге арналған ақпарат

Магистратураға оқуға түсу үшін құжаттарды қабылдау 19 шілдеде аяқталды. Биыл 38 мыңнан астам адам кешенді тестілеу тапсыруға ниет білдірді. 2019 жылы магистратураға түсуге тілек білдірушілер саны 30 579 адамды құрады. 13 300 азамат магистратурада еңбек нарығында сұранысқа ие бағыттар бойынша мемлекет қаражаты есебінен оқи алады.

Кешенді тестілеу 17 тамызда басталады.

КТ компьютерлік форматта болады.

Әр қатысушы үшін тестілеу дербес өтеді. Тестіленушілер сұрақтарды өткізіп жіберіп, алдыңғы сұрақтарға қайта орала алады және жауап нұсқаларын өзгерте алады. Тестілеу аяқталған соң 30 минут ішінде апелляцияға тапсыруға болады.

Тестілеу уақыты 3 сағат 55 минутты құрайды, тапсырмалар саны 130 болады.

Тестілеуден өту уақыты мен орны туралы ақпарат Сіздің жеке кабинетіңізге жіберіледі (ҚР БҒМ ҰТО сайтында).

@edu_news_qz

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.